

**"Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N 19/222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91/182 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 4 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4784 болып енгізілді.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының 1-тармағына және 34-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N 19/222 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 870, " Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N 19/222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 2936, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2004 жылғы 22 маусымдағы N 109/133, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 3498, "Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N 19/222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 153/219, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 3797, "Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы N

19/222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2005 жылғы 2 тамыздағы N 8/16 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта "және әкімдерді" деген сөздер алынып тасталсын;

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар депутаттарын және әкімдерді сайлау кезінде сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың және оны пайдалану туралы есеп берудің Ережесінде:

атауында және бүкіл мәтін бойынша "және әкімдерді" және "әкімдер" деген сөздер алынып тасталсын;

бүкіл мәтін бойынша "(сайлау блогына)", "(сайлау блогының)" деген сөздер алынып тасталсын;

## 2 - т а р м а қ т а :

"Парламент" деген сөзден кейін "Сенаты" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақшада "кандидаттар мен олардың сенім білдірген адамдарының" деген сөздер "Президенттікке, Парламент Сенатының, мәслихаттардың депутаттығына кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта ", саяси партия партиялық тізімді кері шақырып алғанда немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

7 және 8-тармақтарда "Парламент" деген сөзден кейін "Сенаты" деген сөзбен толықтырылсын;

## 9 - т а р м а қ т а :

"осы тармақтың үшінші абзацында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;

1, 2, 3, 4-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сай жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларына жіберілсін.

3. Осы қаулы ресми тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
О р т а л ы қ      с а й л а у                      к о м и с с и я с ы н ы ң

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
О р т а л ы қ      с а й л а у                      к о м и с с и я с ы н ы ң

Хатшысы

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
2007 жылғы 27 маусымдағы  
N 91/182 қаулысына

1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Президентін,  
Парламент, мәслихаттар депутаттарын  
сайлау кезінде сайлау қорларының  
қаражатын жұмсаудың және оны  
пайдалану туралы есеп берудің  
Е р е ж е с і н е

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент, мәслихаттар  
депутаттығына кандидаттар мен саяси партиялардың сайлау  
қорларына қаражаттың түсуі туралы  
анықтама**

1. Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент Сенаты,  
мәслихаттар депутаттарына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты  
немесе саяси партиялардың толық атауы, қай банк мекемесінде шот  
а ш ы л ғ а н .

2. Сайлау қорының 200\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай  
бойынша жалпы сомасы \_\_\_\_\_ теңге.

(анықтаманы толтырудың үлгісі)

Қаражаттың түскен күні	Сомасы (теңге-мен)	Қаражат қайдан түсті	Қаражаттың банкке түскендігін растайтын құжаттар
10.11	500	Президенттікке, мәслихаттар депутаттығына кандидаттың жеке қаражаты N _____ (Тегі, аты, әкесінің аты, тұрған жері)	Кіріс ордері _____ Төлқұжат деректері
20.11	1000	Кандидатты ұсынған саяси партия (орналасқан жері)	Төлем қағазы _____ N _____ қоғамдық бірлестік шотының N, банктің орналасқан жері
27.11	100	Азаматтардың ерікті қайырмалдықтары (Тегі, аты, әкесінің	Жарнаны салт ақша мен төлегендігі

		аты, төлқұжат, деректері, жері)	өтініш тұратын атауы	туралы кіріс ордері N _____
28.11	1000000	Ұйымның (орналасқан жері)	атауы	Төлем қағазы _____ N _____ ұйымның шот N ____ Банктің орналасқан жері
29.11	100000	Саяси жеке қаражаттары	партиялардың	Төлем қағазы _____ N _____ Саяси партияның шот N _____ Банктің орналасқан жері

*Ескертпе* : Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына апта сайын, ал тиісті сайлау комиссиясының сұратуы бойынша жиырма төрт сағаттың ішінде береді.

Қ о л д а р :

Банк мекемесінің директоры: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)  
Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
2007 жылғы 27 маусымдағы  
N 91/182 қаулысына

2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Президентін,  
Парламент, мәслихаттар депутаттарын  
сайлау кезінде сайлау қорларының  
қаражатын жұмсаудың және оны  
пайдалану туралы есеп берудің  
Е р е ж е с і н е

2-қосымша

**Жарналардың шекті мөлшерден асып кеткен, кандидаттың өз кандидатурасын алып тастаған, партиялық тізім қайтарылып алынған немесе кандидатты, партиялық тізімді ұсыну не тіркеу туралы шешімнің күші жойылған кезде қаражатты қ а й т а р у т у р а л ы**

**анықтама**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Сенаты, мәслихаттар депутаттығына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, қай банк мекемесінде шот ашылған.

(анықтама толтырудың үлгісі)

Қаражаттың түскен күні және сомасы (теңгемен)	Қаражат қайдан түсті	Қаражаттың банкке түскендігін растайтын құжат	Қаражаттың қайтарылған күні және олардың қайтарылғандығын растайтын құжат
28.11 300000	Ерікті қайырым-дылық (Тегі, аты, әкесінің аты, тұрған жері)	Кіріс ордері _____ 200 __ ж. Төл құжат деректері	_____
28.11 300000	Республика ұйымы (атауы, орналасқан жері)	Төлем қағазы _____ N _____ шот N _____ Банктің атауы және орналасқан жері	_____
29.11 200000	Саяси партия (орналасқан жері)	Төлем қағазы _____ N _____ Банктің атауы және орналасқан жері	_____
21.11	Саяси партияның жеке қаражаттары	Төлем қағазы _____ N _____ Банктің атауы және орналасқан жері	_____

*Ескертпе:* Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына қосылған ақша қаражатының дереу қайтарылуына қарай береді.

Банк мекемесінің директоры: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
2007 жылғы 27 маусымдағы  
N 91/182 қаулысына

3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Президентін,  
Парламент, мәслихаттар депутаттарын  
сайлау кезінде сайлау қорларының  
қаражатын жұмсаудың және оны  
пайдалану туралы есеп берудің  
Е р е ж е с і н е

3-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентін, Парламент Сенаты,  
мәслихаттар депутаттығына кандидаттың және саяси партияның

**сайлау қоры қаражатының жұмсалуды туралы  
анықтама**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Сенаты, мәслихаттар депутаттарына кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты, саяси партияның толық атауы, қай банк мекемесінде шот ашылған.

2. Сайлау қорының 200 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қалдығы \_\_\_\_\_ теңге.

Күні	Сомасы (теңге)	Қаражат іс-шаралар	жұмсалған	Қаражаттың жұмсалған- дығын растайтын құжаттар (Төлем қағазының немесе чектің берілген күні мен нөмірі)
------	-------------------	-----------------------	-----------	---

*Ескертпе* : Банк мекемесі тиісті сайлау комиссиясына апта сайын, ал тиісті сайлау комиссиясының сұратуы бойынша жиырма төрт сағаттың ішінде береді.

Банк мекемесінің директоры: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)  
Бас бухгалтер: \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы  
Орталық сайлау комиссиясының  
2007 жылғы 27 маусымдағы  
N 91/182 қаулысына

4-қосымша

"Қазақстан Республикасы Президентінің,  
Парламент, мәслихаттар депутаттарын  
сайлау кезінде сайлау қорларының  
қаражатын жұмсаудың және оны  
пайдалану туралы есеп берудің  
Е р е ж е с і н е

4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламент Сенаты,  
мәслихаттар депутаттығына кандидаттың, саяси партиялардың  
сайлау қорының анықталғаннан кейінгі сайлау  
қоры қаражатының жұмсалуды туралы  
есебі**

1. Қорға түскен ақша қаражатының көздері:  
(анықтама қаражаттың түскендігін растайтын құжаттармен бірге  
б е р і л е д і ) .

2. Сайлау алдындағы үгіт мақсатында жасалған шығындар: (анықтама қаражаттың түскендігін растайтын құжаттармен бірге беріледі).

3. Сайлау қоры қаражатының 200 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қалдығы \_\_\_\_\_ теңге.

4. Қалдықтың үштен екісі \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде республикалық бюджетке аударылды. (Төлем құжатының N мен күні).

5. Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына кандидатқа, саяси партияға қалдықтың үштен бірі \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде қайтарылады. (Төлем құжатының N мен күні).

*Ескертпе:* Қазақстан Республикасы Президентігіне, Парламент, мәслихаттар депутаттығына кандидат, саяси партия Орталық сайлау комиссиясына сайлау қорытындылары анықталғаннан кейінгі бес күннен кешіктірмей банк растаған жеке шоттың көшірмесімен бірге ұсынады.

Есепті растап қол қоюшылар:

Банк мекемесінің директоры: (Тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

Президенттікке, Парламент  
Сенаты, мәслихаттар депутаттығына  
кандидаттар: (Тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

Партия жетекшісі немесе партияның  
ұжымдық органымен өкілеттік  
берілген адам: (Тегі, аты, әкесінің аты)

Орталық сайлау комиссиясының  
төрағасы: (Тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.